



1200, Ақтөбе облысы  
Шалқар қаласы,  
Айтеке би, 47 «А»  
Тел:8(71335) 21-4-25  
Факс:8(71335) 21-2-99  
mail: maslixat-shalkar@mail.ru

031200, Актюбинская область  
город Шалкар,  
ул. Айтеке би, 47 «А»  
Тел:8(71335) 21-4-25  
Факс:8(71335) 21-2-99  
E-mail: maslixat-shalkar@mail.ru

Шалқар аудандық мәслихатының 27 наурыз 2018 жылғы № 201 шешімі

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-13-190  
болып тіркелген

**Шалқар аудандық мәслихатының  
2010 жылғы 20 шілдедегі № 210  
«Жер салығының базалық  
мөлшерлемесін белгілеу туралы»  
шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)» Кодексінің 510 бабына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 50 бабына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты  
**ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шалқар аудандық мәслихатының қазақ тіліндегі 2010 жылғы 20 шілдедегі № 210 «Жер салығының базалық мөлшерлемесін белгілеу туралы» (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3-13-140 тіркелген, 2010 жылғы 8 қыркүйекте «Шалқар» газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қазақ тіліндегі шешімнің тақырыбындағы «белгілеу» сөзі «арттыру» сөзімен ауыстырылсын;

шешімнің кіріспесі келесідей редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару

туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Кодексінің 510 бабына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**»;

1 тармақ келесідей редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес, жер салығының мөлшерлемелері Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқада міндетті төлемдер туралы» (Салық Кодексі) Кодексінің 504, 505 және 506-баптарында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелерінен 50 пайызға арттырылсын.»;

көрсетілген шешімге қосымша алынып тасталсын.

2. «Шалқар аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысы Шалқар аудандық әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Шалқар аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оны алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Шалқар аудандық мәслихаттың  
сессия төрағасы,  
Шалқар аудандық мәслихаттың  
хатшысы**

**С.Бигеев**